Мемлекеттік қаржы жөніндегі қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы *(офлайн/онлайн)* №3 2026 жылғы 17 тамыз

Төрағалық етті: **Ж.А. Кулекеев**

Қатысты:

ҚК мүшелері: *А. Бейсенбекұлы, Э.Б. Ержанов, А.К. Дүйсембай, Б.А. Хамзина, А.А. Чеботарёв, Ж.Д. Ертлесова, С.Х. Кошкимбаев, Ғ.С. Айтказин, Х.М. Увайсова, Р.И. Рысмамбетов, Б.Т. Бейсенғалиев.*
Қаржы министрлігінен шақырылған адамдар: *А.К. Байгенжина, М.Ж. Танжариков, М.С. Мусин, Т.М. Туркеев, А.С. Айсенова, М.Е. Махметов, Ж.А. Алдасугурова, Ж.Б. Молдагожин, Ж.М. Нупиров, Д.Ш. Шаймуратова.*

КҮН ТӘРТІБІ

Мемлекеттік қаржы жөніндегі қоғамдық кеңестің *(бұдан әрі – ҚК)* төрағасы Ж.А.Құлекеев отырысты ашып, күн тәртібін жариялады және оны бекіту мәселесін дауысқа салды. Күн тәртібін қатысушылар бірауыздан қолдады бекітілді, ҚК мүшелері тарапынан ескертулер мен толықтырулар болған жоқ.

1. «2027-2029 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасын қарау

(А. Бейсенбекұлы)

1. ҚР Қаржы вице-министрі А.Бейсенбекұлы 2027-2029 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасы туралы ақпарат берді.

ШЕШТІ:

- «2027-2029 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жобасы туралы ақпаратты назарға алынсын.

2. Мемлекеттік сатып алу реформасы. 2025 жылдың қорытындысы

(М.Ж. Танжариков)

ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторының сатып алу заңнамасы департаменті директорының міндетін атқарушы М.Ж.Танжариков мемлекеттік сатып алу реформасы және

«Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заңды іске асыру қорытындысы туралы ақпарат берді.

ҚК мүшелері *(Ж.Д. Ертлесова және Р.И. Рысмамбетов*) көтерілген мәселелер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы заңнамаға тиісті түсініктемелер берді.

ҚК төрағасы Ж.А.Құлекеевтің мемлекеттік сатып алу жүйесіне маркетплейстерді енгізу, сондай-ақ «EPC», «EPC+F» сатып алу рәсімдерін жетілдіру жөнінде отырыс барысында айтқан ұсыныстары назарға алынды.

ШЕШТІ:

- мемлекеттік сатып алу реформасының барысы және 2025 жылдың қорытындысы туралы ақпарат назарға алынсын;

- М.Ж.Танжариковқа Тауарлардың ұлттық каталогын және отандық тауар өндірушілердің тізілімін қалыптастыру барысы туралы ақпаратты ҚК мүшелеріне беру ұсынылсын.

3. Салық реформаларын іске асыру барысы және олардың бюджет жағдайына әсері туралы

(М.С. Мусин)

ҚР Қаржыминінің МКК Талдау, статистика және тәуекелдерді басқару департаментінің директоры М.С.Мусин жаңа Салық кодексін іске асыру барысы туралы баяндады. Негізгі өзгерістер:

- КТС бойынша сараланған мөлшерлемелер, ЖТС бойынша прогрессивті шкала енгізілді,

- растайтын құжаттарсыз барлық жеке тұлғалар үшін 30 АЕК мөлшерінде бірыңғай шегерім қайта қаралды,

- КТС бойынша аванстық төлемдер үшін шекті мәндер қайта қаралды,

- әлеуметтік салық бойынша мөлшерлемелер 11%-дан 6%-ға дейін қайта қаралды. Қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша базалық мөлшерлеме 12%-дан 16%-ға дейін ұлғайтылды,

- тіркеу есебіне міндетті түрде қою шегі 20 мың АЕК-тен 10 мың АЕК-ке дейін төмендетілді. Бұл ретте ағымдағы жылдың 7 айында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ҚҚС түсімдерінің 38,9%-ға өскені байқалады.

АСР бойынша режимдер саны жетіден үшке дейін оңтайландырылды. Бұл ретте жыл басынан бері бизнес субъектілерінің саны 3,0 миллионға дейін өсті (+596,3 мың).

ҚК мүшесі Р.И.Рысмамбетов ұсынылған көрсеткіштер жаңа Салық кодексінің қолданылуы кезеңіне қатысты екенін нақтылады; баяндамашы деректердің 25 тамызда ресми бюджет статистикасы жарияланғанға дейінгі алдын ала сипатта екенін атап өтті.

ҚК төрағасы Ж.А.Құлекеев бизнестің жаңа салық режиміне бейімделуі туралы сұрақ қойды. Баяндамашы шағын бизнес субъектілерінің іскерлік

белсенділігінің күрт төмендеуі байқалмайтынын түсіндірді: 7 ай ішінде ірі бизнеспен жасалған мәмілелер бойынша айналым 1,5 трлн теңгеге өсті, шағын бизнестің инвестициялық белсенділігі жалпы экономика бойынша 9-9,6% деңгейіндегі инвестициялар өсіміне қарсы шамамен 17%-ға өсті.

ШЕШТІ:

- салық реформаларын іске асыру барысы және олардың бюджет жағдайына әсері туралы ақпарат назарға алынсын.

Мемлекеттік қаржы жөніндегі
қоғамдық кеңестің төрағасы **Ж. Құлекеев**